

Жастарға жөн сілтеді

РУХАНИ
ЖАНҒЫРУ



Мурат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтында аға буын өкілдерінің студент-жастармен кездесуі өтті.

Кездесуде қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғанбасұлы, Аркалық қаласының құрметті азаматы Хамит Досжан, институт проректоры Нұрлыхан Темірбеков, ардагерлер Рауыл Ахметжанов, Куанышбай Қазымбек үлттық қындылықтардың мәнмаңызына кеңінен токталды.

Жастар ресурстық орталығының директоры Аманкелді Ахметжанов биылғы

Жастар жылында атқарылғалы отырған жұмыстарды таныстыруды.

Облыс әкімінің үйгари-мымымен Аркалықта облыстық жастар форумы өткізілмекші. Елбасының "Ұлы дағаның жеті қыры" мақаласы шенберінде өтетін ауқымды шарага қазіргі таңда әзірлік шаралары қолға алынуда.

Ұлыстың Ұлы күніне дәп келген келелі кездесу халқымыздың салт-дәстүрлерінің бірі "Тұсау кесу" рәсімімен жалғасты. Ақсақал сәбиге батасын беріп, ақ жаулықты әжесі шашуын шашты. Көпшилікке ұлттық брендке айналған қымыз, бауырсак сынды дастархан мәзірлері ұсынылды.

Күміс көмей жыршылар Куанышбай Қабенұлы, Молдакәрім Байсенгіров бастаған өнерлі жастар әнжырдың тиегін ағытты. Аркалық қаласы.